

ТАЛДЫҚОРҒАН ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Қаралды»

«Келісілді»

«Бекітемін»

«Кәсіпкерлік, психология және
іскерлік қатынастар этикасы»
кафедра меңгерушісі
_____ А.С.Жунисова
« _____ » _____ 2022ж

Колледж әдіскері
_____ М.Н.Садвақасова
« _____ » _____ 2022ж

Директордың оқу-әдістемелік
жұмыстары жөніндегі
орынбасары
_____ М.Б.Бижігітов
« _____ » _____ 2022ж

Оқу сабағының жоспары

Оқушылардың білімін, жұмысын және біліктілігін тексеру және бағалау әдістері
(сабақ тақырыбы)

Модуль /пән атауы: Педагогика

Педагог Каримова Гульмира Жебегеновна дайындады

2022 жылғы «29» қараша

1.Жалпы мәліметтер

Курс, топ 3 курс, Ф-0116

Сабақ түрі: жаңа білімді хабарлау сабағы

2. Мақсаты

Білім алушыларға оқушылардың білімін, жұмысын, біліктілігін тексеру және бағалау әдістері туралы толық ақпарат беру. Тапсырмалар орындау арқылы алған білімдерін жетілдіру. Алған білімдерін тәжірибеде қолдануды үйрету .

Міндеттері

- Оқушының білімін, жұмысын және біліктілігін тексеру және бағалау әдістері туралы толық ақпарат беру;
- бағалау әдістерінің мәнін ашу;
- бағалаудың педагогикадағы маңызын анықтау.

2.1 Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі

- Оқушының алған білім –білік дағдыларын тексеруді және бағалауды біледі;
- басқа әдістерден ажырата алады;
- іс-тәжірибеде қолдана алады.

2.2 Бағалау өлшемдері

- Оқыту әдістерін ажырата алады, мәнін түсінеді, тәжірибеде қолданады.

3. Құндылықты қалыптастыру

Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алуға икемдеу, ынтымақтастыққа үйрету.

4. Қажетті ресурстар

Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер: презентация, сабақ жоспары. Техникалық құралдар: компьютер, интернет, интербелсенді тақта, үлестірмелі қағаздар.

5. Әдіс –тәсілдер: «Мен саған сенемін» әдісі, «Викторина» әдісі, «Миға шабуыл» әдісі, «Джигсо» әдісі, «Шешімдер ағашы» әдісі

6. Сабақтың барысы

6.1.Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)

Білімгермен амандасу, түгендеу, сабаққа деген зейінін аудару. Сабақтың тәрбиелік мақсатын іске асыру. Білімгердің сабаққа даярлығына көңіл бөлу.

Психологиялық дайындық. **«Мен саған сенемін» әдісі**

Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір- бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін ...» өйткені сен жақсы адамсың.

Үй тапсырмасын тексеру. «Викторина» әдісі. (10 мин)

Интербелсенді тақтада үй тапсырмасына байланысты сұрақтар жасырынып тұрады. Студенттер өз таңдаулары бойынша сұрақтарға жауап бере отырып балл жинайды.

Сұрақтар

1. Дидактика дегеніміз?
2. Ұлы дидактиканың авторы?
3. Оқытудың заңдылықтарын атаңыз?
4. Оқытудың көрнекілік принципі дегеніміз не?
5. «Әдіс» дегеніміз грек тілінен аударғанда қандай ұғымды білдіреді?
6. Оқыту әдістері дегеніміз не?
7. Арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленушілердің мақсатты өзара қимылдарын қалай атаймыз? Педагогикалық процесс.
8. Педагогикалық процестің функциялары? Білім беру, тәрбиелеу, дамыту
9. Мақсатты, жоспарлы ұйымдастырылған тұлғаны қалыптастыру процесі? Тәрбиелеу
10. Адамгершілік, ақыл –ой, еңбек және дене тәрбиелері? Тәрбие бағыттары

«Миға шабуыл» әдісі, суреттер арқылы өз пікірлерін білдіреді, сабақтың тақырыбын ашады. Интербелсенді тақтадан тақырыпқа байланысту суреттер шығады , студенттер суреттерге қарап өз ойларымен бөліседі.

6.2. Жаңа тақырыпты баяндау. (25 мин)

"Бағалау" термині "жақын отыру" дегенді білдіретін латын сөзінен шыққан.

Бағалау -одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсаты мен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес оқыту процесіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.



Интербелсенді тақтаға назар аудару

6.3. Жаңа тақырыпты бекіту. «Джигсо» әдісі- әр студент 3 команда қандай бағалау түрлерін қолданатынын айтып, ортамен бөліседі (30 мин)

«Шешімдер ағашы» әдісі

Интербелсенді тақтада ағаштың суреті көрстіледі, студенттерге қызыл, сары, жасыл стикелер таратылады, стикерге «Мен түсіндім», «менде сұрақ бар», «мен практикада қолданамын» деп жазып ағашқа жабыстырады. Студенттердің тақырыпты қамтығанын осы жауаптары арқылы қортынды жасалады.

Келесі сабақта осы тақырып бойынша қортынды бағалау жүргізу үшін студенттерден тест алынды.

Қорытындылау. «Өзіңді тексер» әдісі. GoofleForm платформасында тест сұрақтарға жауап беру. (10 мин)

Тест

1. Оқытуды ұйымдастыру формасына жатпайды:

- A) Сабақ.
- B) Экскурсия.
- C) Семинар.
- D) Факультатив сабақ.
- E) Бақылау.

2. Білім беру міндеттерін шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс- әрекеттері:

- A) Оқыту әдісі.
- B) Оқыту құралы.
- C) Оқыту тәсілі.
- D) Оқыту түрі.
- E) Оқытуды ұйымдастыру формасы.

3. Оқыту әдісі дидактикада қандай сұраққа жауап береді:

- A) Нені оқыту.
- B) Қалай оқыту.
- C) Қашан оқыту.
- D) Не үшін оқыту.
- E) Қайда оқыту.

4. Жаттығу, лабораториялық жұмыс, практикалық жұмыс:

- A) Көрнекілік әдістер.
- B) Ауызша әдістер.
- C) Практикалық әдістер.
- D) Зерттеу әдістері.
- E) Кітаппен жұмыс.

5. Ауызша, көрнекілік және практикалық әдістері қандай белгіге байланысты жіктелген:

- A) Білім түпнұсқасы.
- B) Танымдық іс-әрекет.
- C) Ынтымақтастық формасы.
- D) Дидактикалық мақсатқа байланысты.
- E) Оқушы іс-әрекетіне байланысты.

6. Түсіндірмелі-иллюстративтік, репродуктивтік, проблемалық мазмұндау, ізденіс түрлері, зерттеушілік әдістер деп жіктеудің негізгі белгісі:

- A) Дидактикалық міндет.
- B) Оқудағы ынтымақтастық.
- C) Танымдық іс-әрекет түрі.
- D) Білім түпнұсқасы.
- E) Бинарлық жіктеу.

7. Игеру мақсатымен ақыл-ой немесе практикалық қимылдарды бірнеше рет қайталау:

- A) Түсіндіру.
- B) Кітаппен жұмыс.
- C) Жаттығу.
- D) Бақылау.
- E) Лекция.

8. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру әдісіне жатпайды:

- A) Әңгіме.
- B) Түсіндіру.
- C) Дискуссия.
- D) Иллюстрация.
- E) Демонстрация.

9. Оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдісі:

- A) Демонстрация.
- B) Зерттеу әдісі.
- C) Танымдық ойындар.
- D) Түсіндіру.
- E) Иллюстрация.

10. Бақылау әдісі:

- A) Түсіндіру.
- B) Жазбаша бақылау.
- C) Жаттығу.
- D) Дидактикалық ойын.
- E) Анкета алу.

Бағалау

Тапсырма№	Дескрипторлар	Жетістіктер деңгейі	Тапсырманы орындау үшін баллдар
<i>Тапсырма №1</i> Үй тапсырмасын тексеру 1. Дидактика дегеніміз? 2. Ұлы дидактиканың авторы? 3. Оқытудың заңдылықтарын атаңыз? 4. Оқытудың көрнекілік принципі дегеніміз не? 5. «Әдіс» дегеніміз грек тілінен аударғанда қандай ұғымды білдіреді? 6. Оқыту әдістері дегеніміз не? 7. Арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленушілердің мақсатты өзара қимылдарын қалай атаймыз? Педагогикалық процесс 8. Мақсатты, жоспарлы ұйымдастырылған тұлғаны қалыптастыру процесі? Тәрбиелеу 9. Адамгершілік, ақыл –ой, еңбек және дене тәрбиелері? Тәрбие бағыттары	«Викторина» әдісі бойынша бағалау Интербелсенді тақтада үй тапсырмасына байланысты сұрақтар жасырынып тұрады. Студенттер өз таңдаулары бойынша сұрақтарға жауап бере отырып балл жинайды. Әр дұрыс жауап берген сұраққа 1 балл		10
<i>Тапсырма №2</i> «Миға шабуыл» әдісі суреттер бойынша өз ойларын жеткізу			50
	Суреттер арқылы өз пікірлерін білдіреді	10	
	Сабақтың тақырыбын ашады	15	
	Тақырыпқа байланысты суреттер анықтайды	15	
	Суреттерге қарап өз ойларымен бөліседі	10	
<i>Тапсырма №3</i> «Джигсо» әдісі: Топқа бөлініп жоба қорғау барысында әр топ өзіне берілген бағалаудың қандай түрлерін қолданатынын айтып, ортамен бөліседі (30 мин)	Әр дұрыс жұптастырылған топқа 1 балл		30
<i>Тапсырма №4</i> Тестке жауап беру	Берілген сұрақтарға жауап береді, әр дұрыс сұраққа 1 балл		10

Бағалау шкаласы

0-49 балл – баға «2»
50-69 балл – баға «3»
70-89 балл – баға «4»
90-100 балл – баға «5»

6.4. Сабақ бойынша рефлексия. Бүгінгі сабақты қорытындылай келе, өз деңгейімізді көрсетейік (10 мин)

6.5 Үй тапсырмасы. Өткен тақырып бойынша тестке дайын болу